Jaqsynyń aty ólmeıdi, álimniń haty ólmeıdi

BUQAR JYRAÝ JARSHYSY

№39
(1632)

Buqar jyraý aýdandyq aptalyq gazeti Еженедельная газета Бухар-Жырауского района
Gazet 1939 jyldyń 12 sáýirinen bastap shyǵady Газета издается с 12 апреля 1939 года

4

qazan 2025 jyl
октября 2025 года

Ұстаз – ұлт тәрбиешісі

Ертең – ұлағат иелерінің ұлық мерекесі. Барша қоғамға ортақ мереке – ұстаздар күні!

Мұғалім - мектептің жүрегі, ұстаз – ұлт келешегінің ұстасы.

Бүгінде ауданымыздағы 50-ден аса мектепте барлығы мыңнан аса мұғалім еңбек етуде. Еліміздің келешегі үшін уақытпен санаспай еңбек етіп келе жатқан әрбір ұстазға алғыс білдіріп, еңбегіне жеміс тілейміз.

Өмірдің басты талабы – жас ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие беру. Бәсекелестік артқан заманда жастарға бірінші керегі - оқу мен ғылым.

«Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт - оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниеден сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу» деген екен Міржақып Дулатұлы.

Сол жарық жұлдызға жол сілтейтін де – ұстаздар қауымы. Айтулы күнге орай мәдениет үйінде мерекелік шара өтіп, аудан ұстаздары, білім саласының ардагерлері құрметке бөленеді.

Ұстазға құрмет көрсету – баршамыздың борышымыз.

Мерекелеріңіз құтты болсын, құрметті ұстаздар!

Ерлан ҚҰСАЙЫН,
Бұқар жырау ауданының әкімі

Асхат ӘЛИ,
Бұқар жырау аудандық мәслихатының төрағасы

Учитель создает нацию!

Дорогие наставники, хранители знаний и мудрости! Сердечно поздравляем вас с Днём учителя!

Ваш труд есть светоч, озаряющий путь молодого поколения, источник духовного богатства и основа просвещённого общества. Вы бережно передаёте не только знания, но и добродетели, закладываете в сердцах учеников любовь к истине и стремление к прекрасному.

Учительское слово подобно семени, что сегодня посеяно и завтра прорастает в поступках, делах и судьбах ваших воспитанников. Пусть благодарность учеников, уважение общества и чувство исполненного предназначения будут вечным вознаграждением за вашу благородную миссию.

Пусть каждый новый день приносит вам радость открытий вместе с вашими учениками, пусть годы вашей работы будут озарены любовью, уважением и признательностью. Счастья вам, крепкого здоровья и неиссякаемой энергии в служении великому делу воспитания и просвещения.

Ерлан ҚҰСАЙЫН,
аким
Бухар-Жырауского района

Асхат ӘЛИ,
председатель
Бухар-Жырауского районного маслихата

Ардагерлерге құрмет - ұрпаққа міндет

Жапырағын жайған бәйтерек...

Ботақара кентінің орталығында көпшілікке сыйлы Ахмедия Мұсатайұлы Бейсенбек атты ақсақал тұрады. Бұл кісі - өзі әнші, әрі аңшы, табиғат қорғаушысы, жас ұрпаққа айтары мол шежіре адам.

Әнші болу – халықтың жанын әнмен тербету. Қазақ серілері домбырамен ән салып, ел ішін думанға бөлеген. Әндері арқылы халықтың көңілін көтеріп, рухын серпілткен.

Аңшы болу - табиғатпен біте қайнасып, ер жігітке тән қайрат пен батылдық таныту. Атына қарғып мініп, тазысын ертіп, аңға шығу екі адамның біріне берілмеген өнер. Бұл – бүгінгі кейіпкеріміздің өмір салты болған. Табиғатты құрметтей білген, жан-жануармен үндесе өмір сүрген ағамыз бүгін немере мен шөбере ортасында ақ жаулықты жарымен бірге бақытты өмір сүріп отыр.

Табиғатты, әншілікті және аңшылықты бойына тоғыстырған Ахмедия атамыз еркін рухтың иесі. Ол – рухани бай, ойы терең, жүрегі таза адам.

Ақжар ауылында 1937 жылы желтоқсанның 20-жұлдызында дүниеге келген. Ақжар ауылының тұрғындары Ақтай аға деп атайды. Бұл кісі – тыл және еңбек ардагері. Ақжар ауылында орманды қорғаушы болып 40 жыл еңбек еткен. Жан жарын тауып, өз қолымен үй салған, сол үйде әулетін өмірге әкелген. Тіршілікке нәр беретін тұщы суды да өз күшімен тартқызып алған.

Бүгінде Ақжар ауылында тұщы су құбыры қосылған, жолы жөнделіп жатыр. Ауыл адамдары еңбектеніп, бала өсіріп, өзіне де, отбасына да, еліне де пайдалы жандарға айналған.

(Жалғасы 3-ші бетте)

Ж.Макишевтің суретінде: *Е.Құсайын, Қапия Омарқызы, Ахмедия Мұсатайұлы.*

Үндеу

Құрметті Бұқар жырау ауданының тұрғындары!

2025 жылғы 1 қыркүйекте Бұқар жырау ауданының Құшоқы кентінде Бірінші Май көшесі, 8-үйде орналасқан 8 пәтерлі тұрғын үй өртеніп кетті. Үй толықтай жарамсыз болып, тұруға келмейтін жағдайға түсті.

7 отбасы (16 адам), оның ішінде балалар мен зейнеткерлер зардап шекті. Адамдар баспанасынан және барлық мүлкінен айырылды.

Зардап шеккендерге қолдау көрсету мақсатында «Құшоқы кентіндегі өрттен зардап шеккендерге көмек» Қоғамдық қоры құрылды. Қоғамдық қор Қарағанды облысының Әділет департаментінде ресми тіркелген.

Құрметті жерлестер!

Баршаңызды қол ұшын беріп, мүмкіндігіңізге қарай қаржылай көмек көрсетуге шақырамыз.

Жиналған барлық қаражат зардап шеккен отбасылардың қажеттіліктеріне жұмсалатын болады.

Қаражат аударуға арналған қор реквизиттері:

Атауы: «Құшоқы кентіндегі өрттен зардап шеккендерге көмек көрсету» Қоғамдық қоры.
БСН: 240240008388.
ЖСК (шот нөмірі): KZ15601A191022640191.
Банк: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.
БИК: HSBKKZKX.
Шот түрі: ағымдағы теңгелік шот.

Жерлестерімізге өмірінің қиын кезеңінде бірге көмектесейік!

Қаламқас АБДРАСИМОВА,
Қордың басшысы

Обращение

Уважаемые жители Бухар-Жырауского района!

1 сентября 2025 года в поселке Кушокы Бухар-Жырауского района сгорел 8-квартирный жилой дом по ул.Первое Мая, д.8. Дом полностью разрушен и непригоден для проживания.

Пострадали 7 семей (16 человек, среди них есть дети и пенсионеры). Люди лишились жилья и всего имущества.

Для поддержки пострадавших создан Общественный фонд «Оказание помощи пострадавшим при пожаре в поселке Кушокы». Фонд официально зарегистрирован в Департаменте юстиции Карагандинской области.

Дорогие земляки!

Просим вас оказать посильную финансовую помощь семьям, пострадавшим от пожара.

Все собранные средства будут направлены строго на нужды пострадавших семей.

Реквизиты фонда для перечисления средств:

Наименование: Общественный фонд «Оказание помощи пострадавшим при пожаре в поселке Кушокы».
БИН: 240240008388.
ИИК (номер счёта): KZ15601A191022640191.
Банк: АО «Народный Банк Казахстана».
БИК: HSBKKZKX.
Тип счёта: текущий счёт в тенге.

Давайте вместе поможем нашим землякам в трудный период их жизни!

Каламкас АБДРАСИМОВА,
руководитель Фонда